

К. О. Таттимбетова

ТӨЛЕУ КӨБДІКОВТИҢ ЖОҚТАУ ДАУЫСТАРЫ МЕН АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІНЕ ТАЛДАУ

Қазақ халқының көнеден келе жатқан халықтың таным-тарихын, өмір тарихын, өнер тарихын, дәстүр салтының ерекшелігі мен тұтастығын танытатын күрделі фольклор үлгісі бұл – жоқтау дауыстар. Дауыс - өлген адамға айтылатын жоқтау өлең, соның ішінде ең қасіретті, ең кесек түрі. Атынан көрініп тұрғандай жоқтау адам дүние салған соң барып шығарылады. Содан ол өлгеннен кейін жыл уағы толғанға дейін, сонымен қатар дауыс келген-кеткенді көтере алатындай дәулеті бар адамға, ел билеген мансаптыларға не болмаса, ауыртпалығын ел бөліп көтерерліктей аруақты батырларға, ардагер азаматтарға айтылатын.

Жоқтау кез-келген адамға шығарыла бермейді, оның айтылу, жоқталу сәті болады. Сонау көне түркі кезінде (Ү-ҮІІ) түркі тайпалары өлген адамға қатты қайғырып, өлген адамның туыстары шашын жұлып, бетін тырнап, өздерін қорлайтын әдет болған. Оның мағынасы «Өлген жақсы адамның артында қалып, онсыз сүрген өмірде не мән бар?» – деп қараудан шыққан. Оған ешқандай тыйым салынбаған. Одан кейін ХІ ғасырда ислам діні қалыптаса бастағаннан соң мұндай дәстүр өз сипатын жоғалтқан. Себебі, ислам діні бойынша өлімге қатты дауыстап жылауға, денені зақымдауға болмайды.

Жоқтау қысқа қайырым шолақ өлең емес, бұл өлген адамның бүкіл рулы елін, алыс тарихын, қиырдағы құдасын, ниеттескен достасын, аруақты атасын қосып айтатын өте көлемді жоқтау өлеңі, салт өлеңі. Дауысты сол өлімді ауылда жата-жастанып жатып, ірі-ірі жыраулар, суырып салма төкпе ақындар шығаратын. Онан сон оны өлген адамның (жас болса әйеліне) әпке-қарындастарына, жеңгелеріне үйрететін. Олар оны өзінің мұңды әніне салып айтатын.

Жоқтау жайлы алғаш ғылыми түсінік берген Ш.Уалиханов болды. Ғалым: «Қазақ халқында кездесетін көптеген әдет-ғұрыптардың ішінде этнографияның назарын аударатын бір тақырып айырықша қызықты. Мұнда көшпелілер әйелдерінің мінез-құлқы, ақыл-ой дамуы мен ақпейіл қасиеті айқын көрінеді. Тегі жағынан ақсүйек сұлтандардан шыққан немесе қоғамда көрнекті орын алатын қазақтың қазасында жылап-сықтап, жоқтаумен өлең айтылады. Мұнда марқұмның түрлі қасиеттері жырланады. Жесірдің күйеуін, қызының әкесін немесе қарындасының ағасын

жоқтап өлең айтуын қазақтар «жылау» иә болмаса «жоқтау» деп атайды» \1,164\

Жоқтау туралы академик Ә.Марғұлан: «Жоқтау - әдебиеттің ескі түрі. Оның шығуы үй ішінде, қауым ортасында болған игі адамдардың дүниеден көшкеніне өкініп, оларды еске түсіру ретінде айтылған жыр. \2,97\

Жоқтау жанрының қалыптасуы жайлы ғалым Т.Арынов көне түркі заманда (Ү-ҮІІІ ғ.) тасқа қашалған мәтінді ескерткіштердің орнын заман өте келе жеке батырларға, ел басқарған, жорық жасаған сарбаздардың ерлігін жырлайтын, жорықтарда қаза тапқан ұлдарына арнаған жоқтаулар басқанын айтады. \3,9\

Зерттеуші Т.Арынов жоқтаулардың үш түрін көрсетеді. «Біріншісі, өлген азаматтың балалары (көбінесе қыздары) шығарған, екіншісі, өлген адамның анасы не жұбайы шығарған жоқтаулар, үшіншісі, белгілі бір ақындар, жыраулар шығарған жоқтаулар» \3,9\.

Қазақтың ұлы ғалымы Ахмет Байтұрсынов 1962 жылы Мәскеу қаласынан қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтыған 23 жоқтауын бір жинақ қылып бекер шығармаған. Абай Құнанбаев та бірнеше жоқтау жазғаны әдебиет тарихынан белгілі. Осы көркемдік дәстүр жалғастығын Төлеу Көбдіковтен де табуға болады:

Алтын еді қадамы,
Бір сөйлескен адамы.
Туысқандай бауыр боп,
Енді мұндай хал болды.
Есім шығып дал болдым.
...Жайқалған жасыл шалғыным,
Иәуеленген балдырым.
Ел көшкен жұрттай дабыл боп,
Ой шатасып, ми шіріп,
Немене енді тіршілік?...

Жоқтауды Төлеу Көбдіков баласы Құлжанбек қайтыс болғанда шығарған. Жоқтаудың тілі ажарлы, әрі айшықты, көркем. Қазақ асыл да ардақтысынан айрылғанда ең бір жақсы қасиеттерін ажарлы сөзбен жеткізіп отырған. Мәселен, Шоқанды жоқтағанда “Ақылға дикан кемеңгер”, Мұса Шормановты жоқтағанда “Жақсылық іске бар болған, Жамандарға қас болған”, Әбдірахманды жоқтағанда “Тұла бойың ұят, ар едің” деген жолдар жоқтау өлеңінің қуатын байқатады. Сондай-ақ, ауыз әдебиетіндегі жоқтауларда “Асыл гауһар болатым”, “Жапырағы алтын шынарым” тағы басқа теңеулер кезде-

сетін. Ғасырлар теңізінен өтіп бізге жеткен сөз асылына Төлеу Көбдіков те өз үнін қосады. Құлжанбекке шығарған жоқтауында “тот алмайтын алтыным” деп, алдыңғы ақындардың жоқтау шығару дәстүрін жалғастырады.

Біз Төлеу Көбдіков поэзиясының тақырыптық арнасы өте кең екенін айтқанбыз. Ақын поэзиясының сондай бір арналы саласы – арнау өлеңдері. Арнау өлең нақтылы біреуге, не бір оқиғаға тікелей қатысты бейнеге арналып жазылады. Қазақтың көрнекті ғалымы Ахмет Байтұрсынов “Арнауды” үшке бөледі: “Арнаудың өзі үш түрлі болады: сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау” /4,363/. Сондай-ақ, 1996 жылы жарық көрген “Әдебиеттану терминдер сөздігінде арнауға мынандай анықтама берілген: “Арнау өлең білгілі бір адамның бейнесін, мінез сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды. Бұл үлгідегі өлеңдердің негізі, олар жай біреуге құрмет сезімін білдіру үшін арналған өлең емес, сол адамдарды мінездеуге арналған шығарма деуге болады” /5,35/.

Төлеу Көбдіков арнауларының негізгі кейіпкерлері – өзі өмір сүрген қоғамдағы адамдар, замандастары, туыс-жақындары, айналасы. Мазмұны жағынан ақын арнауларын үшке бөліп қарастыруға болады.

1. Әлеуметтік мәні бар, елдегі бай-болыстарды, ел басшыларды сынап шығарған арнаулар.

2. Ақын өзі құрмет тұтқан, сыйлас азаматтарға арналған мақтау өлеңдер.

3. Жеке адамдарға арналған әзіл арнаулар.

Алғашқы топқа жататын арнаулардың ішіндегі көрнектісі – 1904 жылы жазылған “Қойкелдіге” атты арнау өлеңі.

Абай Құнанбаевтың 1961 жылы шыққан шығармаларының бір томдық толық жинағында табылған өлеңдердің қатарына кіріп, алғаш жарық көрген өлеңдерінің бірі – “Тәңірбергендіге”. Бұл өлеңге берген түсініктемесінде жинақты дайындаған Әбіш Жиреншин былай дейді: “Бұл 1940 ж. Шар ауданында мал базында тұратын, қазір қайтыс болған, жасында Абаймен көп жолдас болған қарт Көсембек Байғұттыұлы аузынан жазып алынған. Бұл өлеңді Кәкітай ағайын арасы ащы болмасын деп Абай томына еңгізбеген көрінеді. Тәңірбергенді – Абайдың туған ағасы, Абаймен іштей араз болған, сол пысық мінезін ақын дәл берген” /6,650/. Өлеңнен үзінді келтірейік:

Байсып, паңсып,
Көрінгенге бәлсіп,
Өзі ғана келгендей,
Дүниеге жансып.
Маң-маң басып,

Мен-мендігі асып.
Мал бітті деп көңілі
Көтеріліп тасып,
Бай-бай десе мастанып,
Мың теңгесін жастанып..../6,430/.

“Абай” энциклопедиясында да бұл өлең А.Құнанбаевтікі делінгенімен, ұлы ақынның кейбір жинақтарына еңгізілмеген. “Тәңірбергендіге” өлеңімен жазлу үлгісі бір, өлең тармақтры орын алмасып, кей сөздері синонимдық ауысу тапқан туындыны Абайдың жолын қуып, ақындық дәстүрін ұстанған шәкірті Төлеу Көбдіков шығармашылығынан кездестірдік.

Төлеу Көбдіковтің бұл өлеңі “Қойкелдіге” деп аталады. Көлемі жоғарыдан ұзақтау. 1904 жылы Дағанды болысының байы әрі Төлеу ақынның аталас туысына арналған.

Төлеу ақын «Қойкелдіге» өлеңінде дәулетіне мастанып, құлайын ұмытқан пасық та тоғышар байдың портретін тамаша берген. Шындықты Қойкелдінің бетіне баса отырып, қайырымсыз, сараң байды сынға алады. Әжуамен кекеп-іліп, мазақ қылады. Сонымен бірге осы өлеңі арқылы сынау, мінін бетіне айту ғана емес, өз кемшілігінді түзет деген ишара да жатыр. Төлеудің бұл өлеңінен Абайдың үлгісін ұстанып отырып, соған еліктеп, ақынның «Дүтбайға», «Бойы бұлғаң» өлеңдерінің құрылысымен жазылған екені байқаймыз. Ақын қазақ поэзиясында сатира саласын жаңа белеске көтерген Абай ізімен адам портретін жасауға ұмтылған.

«Өз дәуірінің қатар сыншысы, елдегі сорақылықтардың бітпес міншісі» /7,110/ болған Абай сияқты Төлеу де осы сияқты арнауларында елдегі топас байлардың тамаша портретін жасап, жыр семсерімен аяусыз түйрейді. Нысанаға дөп тиген өткір сөздерімен Қойлыбай мінезінің айқын қырларын дәл танытады.

Төлеу ақынның шығармашылық жолына зер салып қарасақ, онда қашан да халық үні болғанын байқаймыз. Ол өзінің жеке басынан гөрі, халық тағдырына қатты толғанғаны қай шығармасынан болмасын көрініс тауып отырған.

Ақынның аталған жоқтау дауыстары мен арнауларынан біз халқымыздың ежелгі салт-дәстүрін сақтап, дамыта түскенін көреміз. Байқап отырғанымыздай ақын поэзиясының бір саласын жоқтау-дауыстары мен арнау өлеңдері құрайды екен.

1. Уалиханов Ш. Таңдамалы. 2-басылуы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 бет.

2. Мәрғұлан Ә. Манас және Шоқан. – Алматы: Жазушы, 1971. – 97 бет.

3. Арынов Т. Боздағым. Қазақ жоқтау жырлары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 301 бет.

4. А.Байтұрсынұлы. Ақ жол.- Алматы: Жалын, 1991. – 464б.

5. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Құрастырушылар – Ахметов З. Шаңбаев Т. – Алматы: Ана тілі, 1996 – 240 б.

6. Құнанбаев А. Шығармалары. I-томдық толық жинағы. – Алматы: 1961. – 659 б.

7. Қожақеев Т. Адам, Қоғам, Сатира. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 176 б.

В статье рассматриваются лирические произведения Толеуа Кобдикова и дается описание жанровым особенностям его творчества.

The article observes the lyrical product of Toleua Kobdikova and give the description genre features his creativity.

М. Тулекова

А.НУРМАНОВТЫҢ «ҚҰЛАННЫҢ АЖАЛЫ» РОМАНЫНА ТАЛДАУ

«Құланның ажалы» үлкен символикалық атау. Жапанда жортқан жалғызбатыр, соның үнсіз тұншыққан қуаныш-мұны, меніреу сары дала, үміт пен күдік арпалысы – романға желі боп тартылған лейтмотив әуендері осы. Адамның жеке басының қасиеті қай уақытта артады, ерлік, қаһармандық сыры неде, бауырмалдық пен жат жұрт дұшпандықтың түп төркіні қайда жатыр, осыған да Ақан бірсыдығы байсалды жауап береді. Романда оқиға аз, тіпті жоқ деуге болады. Кешегі он алтыншы жылдың дүрмегіне қатысқан, өзі оны ұйымдастырушылардың бірі Құллан атты мерген бүгінде әлеумет ісінен, халық мақсатынан қол үзіп, жапан түзде жалғыз қалған. Албырт, көңіл, ақ жүрек батырды оқымаған қараңғылық зардабы бір жеңсе, жаңа өмірдің қуатты ағысының екпінді екінші жеңіліске ұшыратады. Құллан өр еді, нар еді, құралайды көзге атқан мерген еді, бірақ мақсат кемдігінен туған принципсіздік оны жарға жықпай қоймады. Кітапта сардар деп қана аталатын, шын мәнінде Аманкелдімен үзеңгілес болған Құллан күрес мәнін мүлде тар көлемде ұғынып, өз жеңісін тек бас пайдасының қамы деп ойлаудан аса алмайды. Сондықтан ол аз ғана үй Текесін бөліп әкетіп, солардың алдына мал салып, он-он бес үйдің таңдайы аққа тигенін дәтке қуат көреді. Ол ол ма, бір кезде келіншегі Алтыншаш та атағы дабырайып тұрған кезінде алақанға айламен қондырған құс секілді зорлық пендесі еді. Осының бәрі халық қаһарманы болған қасиетті жанның үлкен атын кішірейтіп, алдағы күнге апарар жолын тым тарылтып жіберген еді.

Ер басына іс түссе, халық араша тұрады. Бірақ ол үміт пен күдік араласқан жерге арашашы бола алмайды. Қашанда екінші бірі. Өз ісінен әлдебір кемдік сезінетін Құланды күдік молдау. Өкініші көп. Сардардан бөлек кеткеніне, оны тыңдамай қойғанына өкінеді. Сан рет

соны ойланып, бармағын тістейді. Ал бұны қолдай қоятын ешкім жоқ сияқты. Құланның сергек көңілі осыған шерленеді.

Енді, міне, Құллан жалғыз, құдай жалғыз. Қалың қолдан қайтпаған жүрегі үп еткен өсектен шошынып, сайын даладан сая таппаған қашқын біреуге айналды. Табан тірер таянышы халық еді, содан өзі безініп, қасына тексіз бір қашқынды жолдас етеді. Онысы – Ефим Кутский, патшаның жазалаушы отрядына жүзбасы болған, кеше ғана өзімен кескілесіп соғысқан адам. Құллан оның кім екенінен бейхабар, сондықтан өз қойнына өзі жылан салғанмен тең болды. Ендігі қалған жау осы Кутский, анау жымсықы бай Шарбақбай секілді, қойынға кіріп жылан болып шағарлық қана қауқары қалған өңшең сілімтік еді. Құллан сол сілімитіктердің бірін ақылшы, бірін жолдас, Көктөбет сияқты енді бірін пана етемін деп, өзін-өзі шақтырды. Анау жүрген Майлық, ұры Майлық Құлланға бір табан жақын. Адамгершілігімен жақын. Құланның құлдырап бара жатқанын сезіп, ең ғұрмады осындай болса екен, жаны қалса екен деп тілек еткендейсің. Құллан жүрегіндегі қайсар намыс оқушыға түсінікті, ол қанаты талса да жерге қонбай қойған тәкаппар қыран тәрізді, шырқаған сайын жер-анадан, қасиетті Отан топырағынан ұзай береді. Құланның ажалы – Антейдің ажалы, сондықтан оның адамгершілігін емес, амалсыздығын жазғырасың. Ұлы Октябрь күні тумаса, бүкіл халықтың тағдыры сол еді, сол сияқты босу, тозу еді. Тағылық қалып еді. Даланың тағысына жақсылық еткің кеп қолыңды созсаң да, жуыр ма, сенер ме сірә да! Табиғат сүтін арда емгісі келген Құллан қасіреті осында. Табиғат сүтін арда ем, бірақ тағы болма. Күдікті жолдас өткенше үмітті арқау ет. Өткеніңнен қорықсаң болашаққа сен. Етіңнен ет кесіп алса да ерлігің соған жетсін. Жазушы ұсынған мінсіз моральдың бір бұтағы осылай жапырақ жаяды.